

5-БӨЛІМ. ЖҰДЫРЫҚШАЛЫ МЕХАНИЗМДЕР

14-дәріс. Жұдырықшалы механизмдерді жіктеу

5.1. Дәріс мақсаты:

Жұдырықшалы механизмдердің негізгі түрлерімен таныстыру.

Негізгі сұрақтары мен қысқаша мазмұны:

1. Жұдырықшалы механизмдердің негізгі түрлері.
2. Жұдырықша пішінінің элементтері.

1. Жұдырықшалы механизмдердің негізгі түрлері.

Жұдырықшалы механизм деп құрамында жұдырықша (жұмыс беті айнымалы қисықтығы бар бөлім) бар механизмді айтады. Жұдырықшалы механизм жұдырықша мен ілгерілемелі немесе тербеліп айналу қозғалысты атқаратын иегіштен тұрады. Үйкелісті азайту үшін итергішке ролик қосылады.





Рис. 5.1

Жұдырықшалы механизмдер кеңістік, жазық, итергішінің ұшы үшкір, ролик немесе жазық келетін болулары мүмкін (5.1-сур.).

2. Жұдырықша пішінінің элементтері



Жұдырықша пішінінің элементтері: R_{\max} – ең үлкен радиусы; R_{\min} – ең кішкене радиусы; ең үлкен радиустың шеңбері; ең кішкене радиустың шеңбері; кезең бұрыштары – төменгі тұрыс бұрышы $\varphi_{нв}$; көтерілу бұрышы $\varphi_{п}$; жоғарғы тұрыс бұрышы $\varphi_{вв}$; төмендеу бұрышы φ_o . Кезең бұрыштарының өзаралық байланысы: $\varphi_{п} + \varphi_{вв} + \varphi_o + \varphi_{нв} = 360^\circ$

Кез келген жұдырықшалы механизм итергішінің жылжу диаграммасы 5.2-суреттегідей болады.